

2025 жылы 31 қазанда колледжде №2 педагогикалық кеңес отырысы өтті. Отырысқа колледж директоры, орынбасарлар, бөлім меңгерушілері, педагогикалық ұжым мүшелері қатысты.

Кеңес отырысын колледж директоры кіріспе сөзімен ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

### **Күн тәртібі бойынша қаралған мәселелер:**

1. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы  
*Баяндамашы:* педагогикалық кеңестің хатшысы Сеитова Ж.Р.
2. 2024–2025 оқу жылында колледжді бітірген түлектердің жұмысқа орналасуы туралы ақпарат  
*Баяндамашы:* директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Ерденова А.Ж.
3. 2024 жыл мен 2025 жылдың 9 айына қаржылық қаражатты игеру бойынша бухгалтерияның атқарған жұмысы туралы есеп  
*Баяндамашы:* бас есепші Алимгожина Ж.С.
4. Колледждің оқу-материалдық базасын дамыту жоспарының орындалуы  
*Баяндамашы:* директордың әкімшілік-шаруашылық бөлім жөніндегі орынбасары Ержанов А.С.
5. Жаңа қабылданған студенттердің бейімделуі: проблемалар және оларды шешудің негізгі жолдары  
*Баяндамашы:* педагог-психолог Универ F.
6. Мемлекеттік білім беру тапсырысының босаған орындарына студенттердің өтініштерін қарастыру  
*Баяндамашы:* директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Канапина А.К.
7. Әртүрлі мәселелер.

Отырыста баяндалған материалдар бойынша қатысушылар өз ой-пікірлерін білдіріп, ұсыныстар мен шешімдер қабылданды.

Педагогикалық кеңестің шешімдері оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға және колледждің материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталды.